

К. Байтүреева¹ , Ж. Турекулова^{2*} , В. Султанова³ ¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;³Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан(E-mail: turekulova74@mail.ru; baitureyeva@mail.ru; valida_200470@mail.ru)

XX ғ. 50-жылдарындағы АҚШ және Египет қатынастарының тарихы

Мақалада Америка Құрама Штаттарының Египетке қатысты саясатының тарихына талдау жасалған. Екі ел қатынастары Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Таяу Шығыс аймағында қалыптасқан геосаяси ахуалдың ерекшеліктері аясында қарастырылады. Аталған тарихи жағдайда АҚШ-тың аймақтық саясаты энергетикалық ресурстарға бақылау орнатуға деген ұмтылыспен анықталады, ал Египеттің бұл саясаттағы орны Суэц каналының геоэкономикалық және геостратегиялық маңызымен байланысты қаралады. Египеттің ұтымды географиялық орналасуы, сондай-ақ соғыстан кейінгі араб әлеміндегі саяси белсенділігі бұл елді Вашингтон үшін Таяу Шығыстағы стратегиялық әріптеске айналдырды. Осыған байланысты Америка Құрама Штаттары мен оның негізгі батыстық одақтастары Египетті аймақтық қауіпсіздік құрылымдарына, соның ішінде антикоммунистік сипаттағы «Орта Шығыс қолбасшылығы» жобасының шеңберіне тартуға ұмтылды. Аталған бастаманың жүзеге асырылу мүмкіндіктері мен шектеулері, сондай-ақ Каирдің бұл бастамаға қатысты саяси ұстанымы зерделенген. Мақалада XX ғасырдың екінші жартысындағы Египеттің ішкі саяси және сыртқы жағдайының өзгерістері жағдайында АҚШ-пен дипломатиялық және әскери-саяси қатынастарының тарихы сараланады. Сонымен қатар, Ялта–Потсдам жүйесінің қалыптасуы нәтижесінде АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы Таяу Шығыстағы ықпал үшін бәсекелестік шеңберінде орын алған геосаяси теке-тірестер мазмұны талданып, Вашингтонның аймақтық әскери-стратегиялық мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған қадамдары зерттелген. Зерттеу жұмысы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі архивіндегі Египетке қатысты құжаттық дереккөздерге сүйене отырып жүргізілген.

Кілт сөздер: Дүниежүзі тарихы, Америка Құрама Штаттары, Таяу Шығыс, Египет, Суэц каналы, Орта Шығыс қолбасшылығы, геосаясат, тарихи даму, идеология, сыртқы саясат тарихы, әскери стратегия.

Кіріспе

Өткен тарихи үдерістер қазіргі жаһандық саяси үрдістердің қалыптасуына негіз болатын, халықаралық қатынастардың іргелі қағидаты. Қазіргі кездегі әлемдік саясат өткен шақта орын алған тарихи үдерістер мен шешімдердің негізінде қалыптасатындығы айқын мәселе. Сонымен қатар, әрбір тарихи дәуір әлемнің жетекші державалары тарапынан күш теңгерімділігін қамтитын және аймақтық, жаһандық деңгейде үстемдігін орнатуға бағытталған тұжырымдамалардың, саяси бағыттардың әзірленуімен ерекшеленеді. Осы ретте Таяу Шығыс аймағындағы қазіргі жағдайды, Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыстық саясатын XX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи оқиғалар арнасында қарастыру өзекті бағыт болып табылады. Қазіргі Таяу Шығыс аймағындағы тектоникалық геосаяси өзгерістер түріндегі ХХІ ғасырдың басында орын алған саяси оқиғалардың басым бөлігі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін негізі қаланған саяси бағыттардың бүгінгі кезеңдегі тарихи жалғасы. Осы ретте Таяу Шығыс аймағындағы дағдарыстар мен қақтығыстарды ішкі қайшылықтар арнасында ғана туындаған құбылыстар деп емес, сыртқы акторлардың мүдделері шеңберінде қалыптасқан геосаяси көрініс ретінде айқындаймыз.

Зерттеудің басты мақсаты — Египеттің XX ғасырдың 50-жылдарындағы саяси-экономикалық даму ерекшеліктерін саралау, сондай-ақ АҚШ-тың «Орта Шығыс қолбасшылығы» (Middle East Command) жобасына қатысты ұстанған саясатын, оның іске асыру бойынша саясаттың барысы мен салдарын зерттеу, осы жобадағы Египеттің орны мен рөлін анықтау.

Мақалада қарастырылып отырған тарихи мәселені жаңаша көзқарастар тұрғысынан қайта зерделеу, сондай-ақ оны заманауи ғылыми парадигмалар мен әдіснамалық ұстанымдар негізінде талдау маңызды. Себебі XX ғасырдың 50-жылдарындағы Америка-Египет қатынастарына тарихи тұрғыда талдау жүргізу тек ғылыми-тарихи маңызы бар зерттеу ретінде ғана емес, сонымен қатар

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: turekulova74@mail.ru

қазіргі халықаралық саяси ахуалды сараптамалық тұрғыдан бағалауға негіз болатын іргелі мәселе. Бұл бағыттағы зерттеулер халықаралық қатынастар, аймақтану, тарих салаларындағы мамандар мен сарапшылар үшін де маңызды.

Материалдар және әдістер

Зерттеу материалдары ретінде Ресей Федерациясы сыртқы саясаты архивінің 87/087 қорларының Египет бойынша референтура құжаттары пайдаланылды. Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік департаменті дипломатиялық қызмет институтының ресми сайтында жарияланған құжаттары [1] негізінде АҚШ-Египет қарым-қатынастары зерделенді. Сонымен қатар «Ресей XX ғасыр. Құжаттар. 1947-1956 жылдардағы Таяу Шығыс қақтығысы» атты құжаттар жинағындағы [2] тақырыпқа қатысты құжаттарға талдау жасалынды.

Зерттеу барысында XX ғасырдың екінші жартысындағы Таяу Шығысқа қатысты саяси ұстанымдарды анықтап, сол кезеңдегі жетекші державалардың мүдделерінің негізгі мәнін саралау мақсатында тарихи-саяси талдау әдісі қолданылды. Пәнаралық талдау әдісі шеңберінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан әлемнің геосаяси жағдайын, Таяу Шығыстағы ірі державалардың геостратегиялық мүдделерін, Суэц каналының геосаяси маңызын, күштер тепе-теңдігін зерделеу мақсатында геосаяси жүйелі талдау әдісі таңдап алынды. Тарихи-салыстырмалы әдіс шеңберінде Америка Құрама Штаттары, еуропалық державалар және Кеңес Одағы тарапынан Таяу Шығысқа, оның ішінде Египетке қатысты ұстанымдарына, орын алған тарихи оқиғаларды салыстырып қарастыру қолданылды. Зерттеудің жетекші әдісі ретінде архив құжаттары мен дереккөздерді, БҰҰ резолюцияларын, ресми материалдарды, дипломатиялық хаттарды, сол кезеңде жарық көрген бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеу үшін деректерге талдау жүргізу әдісі таңдап алынды.

Нәтижелері

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Таяу Шығыс аймағында қалыптасқан геосаяси жағдайдың талдауы

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Таяу Шығыстағы геосаяси жағдайдың барысын, мәнін айқындау үрдісінде XIX-XX ғасырлар тоғысында қалыптасқан, таяушығыстық геосаяси картаның қалыптасуына үлкен ықпалын тигізген екі маңызды кезеңдерді айқындаймыз:

– *бірінші кезең* XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Осман империясының дағдарысы шеңберінде араб иеліктеріндегі ықпалын жоғалтуына, Франция мен Ұлыбритания секілді еуропалық жетекші державалардың Таяу Шығысқа толық үстемдігін орнатуына қатысты туындайтын саяси жағдайларды қамтиды. Аталған кезеңде «Таяу Шығыс» ұғымының географиялық ауқымы еуропалық державалар айқындаған саяси шекаралар шеңберінде қалыптасқанын көрсету маңызды. Бұл ретте, Франция мен Ұлыбританияның империялық мүдделеріне сай келетін, олардың әкімшілік басқаруына ыңғайлы болатын саяси-экономикалық, тарихи-географиялық кеңістік «Таяу Шығыс» ретінде танылып, геосаяси ұғым ретіндегі мазмұны бекіді деген тұжырым жасауға негіз бар.

– Таяу Шығыстағы геосаяси өзгерістерді айқындайтын *екінші кезең* Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан бастау алады және әлемдік тәртіптің жаңа нысанына аймақ елдерінің бейімделу үрдісін білдіреді. Екінші дүниежүзілік соғыс Таяу Шығыстағы еуропалық отаршылдық тәртіптің күйреуін тудырды. Оның басты себебі ориентализм шеңберінде құрылған еуропалық тұжырымға қарсы араб елдерінде ұлтшылдық идеологияның қалыптасуы болды. «XIX ғасырдың екінші жартысында араб елдерінде Осман империясы мен еуропалық мемлекеттердің отарлау саясатына қарсы ұлттық өркендеу идеясы — «ан-нахда аль-арабийя» кеңінен тарай бастады. Араб қайта өрлеу қозғалысының мақсаты араб елдерін отаршылдықтан азат ету, біртұтас араб ұлттық қозғалысын құру болды және жетекші идеясы «арабтардың қуаты мен күшін қайта жаңғырту» мәселесіне арналды. «Ислам әлемінің Батыс мемлекеттерінен саяси, экономикалық және ғылыми-техникалық тұрғыдан артта қалуы мәселесі көптеген мұсылман ойшылдары мен саяси қайраткерлерді алаңдатты. Осы тығырықтан шығу жолдарын іздестіре отырып, олар отаршылдыққа қарсы күрес, ислам елдері арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ ислам өркениетінің рухани жаңғыруы мен қайта өрлеуін қамтамасыз етуге бағытталған тұжырымдамалық-идеологиялық доктриналар әзірлеп, оларды жүзеге асыруды басты мақсат етіп қойды» [3; 68]. Бұл кезеңде Батыс елдері ұсынған демократиялық құндылықтар мен Кеңес Одағы насихаттаған коммунистік идеялар арасындағы идеологиялық қарама-қайшылық Таяу Шығыста әскери-саяси және қаржылық-

экономикалық бәсекелестік түрінде айқын көрініс тапты. Соғыстан кейін әлемдік тәртіпті қайта құруда жетекші рөлге ие болған Америка Құрама Штаттары Таяу Шығысты өз сыртқы саясатының басым бағыты ретінде қарастырып, бұл аймақтағы ықпал үшін тек КСРО тәрізді идеологиялық қарсыластарымен ғана емес, сонымен қатар бұрыннан орныққан Ұлыбритания сынды батыс одақтастарымен де геосаяси бәсекелестікке түсті. Сонымен қатар аталмыш кезеңде араб елдеріндегі отаршыл державалардың ұстанымы әлсіреді. Азаттық қозғалыстар Алжирде, Египетте, Ливияда, Сомалиде, Суданда, Иранда пайда болды. 1958-1961 жылдар аралығында Египет пен Сирияның Біріккен Араб Республикасына бірігуі нәтижесінде кеңінен өріс алған панарабизм идеологиясы ірі саяси күшке айналды. Отаршылдыққа қарсы бағытталған арабизм идеологиясының Насеризм мен Баасизм қозғалыстарының революциялық үндеулерімен ұштасуы, 1956 жылғы Суэц дағдарысының туындауына тікелей ықпал етті. Бұл дағдарыс өз кезегінде Ұлыбританияның әлемдік держава ретіндегі тарихи рөлінің аяқталуын білдіретін геосаяси бетбұрыстардың бірі ретінде бағаланды. Еуропалық державалардың Таяу Шығыстағы геосаяси ықпалын жоғалтуы және олардың аймақтан біртіндеп шегінуі нәтижесінде қалыптасқан саяси вакуумды толтыру мақсатында екі қарама-қарсы идеологиялық лагерьдің жетекшілері: АҚШ пен Кеңес Одағы — аймақтық кеңістікті өз бақылауына алу үшін әртүрлі дипломатиялық, саяси және экономикалық тетіктерді белсенді түрде қолдана бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Америка Құрама Штаттарының араб әлеміндегі саясатын төмендегі түрде қарастыруға болады:

1. Араб елдері АҚШ үшін тауарлар нарығы ретіндегі маңызымен ерекшеленіп, бұл Вашингтонның саясатында шешуші рөл атқарды.
2. Америка Құрама Штаттары араб елдерінің мұнай ресурстарына бақылау орнатуға, сондай ақ аймақта стратегиялық маңызы бар шептерді құруға ұмтылды.
3. Америка Құрама Штаттарының аймақтағы басты саясаты — Израиль мемлекетін нығайтуға қатысты туындады және АҚШ тарапынан араб елдері арасында тығыз одақтар мен альянстардың орнауына, аймақ елдерінің қорғаныс қабілеттерін дамытуға жол бермеуге бағытталды.

2. XX ғасырдың 50-жылдарындағы Египетке Америка тарапынан жүргізілген экономикалық көмек.

XX ғасырдың 50-жылдарында елде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық шаралардың нәтижесінде Египет Таяу Шығыс елдерінің ішінде дамыған аграрлық-индустриалдық мемлекетке айналды. Бұл ішкі реформалармен қатар сырттан келген инвестициялық қолдаулардың нәтижесінде жүзеге асырылды. Гамаль Абдель Насер тұсында Египет экономикасы аграрлық реформалар, импортты алмастыру, Суэц каналы компаниясы сияқты негізгі ұлттандыру әрекеттері және Хелуан болат зауыты мен Асуан биік бөгетін қоса алғанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың арқасында айтарлықтай өсті. Бұл өз кезегінде ел халқына баспанаға, білім алуға, денсаулық сақтау мен жұмысқа қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Айқындалған хронологиялық шеңбер барысында Египетке ірі капиталистік елдерден капиталдың енуі, әсіресе американдық капиталдың кеңеюі күшейгенін айқындау маңызды. Шетелдік капиталдың Египетке енуі техникалық-экономикалық көмек, экономиканың маңызды салаларына инвестиция салу, мұнай концессиялары, банк жүйесіне ену түріндегі әртүрлі нысанда болды. Египетке шетел капиталын тарту мақсатында үкімет бірқатар шараларды жүзеге асырды, атап айтқанда, Египеттегі күрделі салымдардан алынған пайданы шетелге беруге рұқсат ететін заң қабылданды. 1955 жылғы № 315 заң египеттік және шетелдік фирмаларды египеттік акционерлік қоғамдарға айналдыруға рұқсат берді [4]. Египет үкіметінің бұл шараларының барлығы Египет экономикасына шетел капиталының ықпалын күшейтуге бағытталды.

1949 жылы Каирде Америка Құрама Штаттарының Египеттегі елшісі Джефферсон Кефферидің (1886-1974) төрағалық етуімен өткен Таяу Шығыстағы американдық дипломаттардың конференциясында Таяу Шығыстағы экономикалық, қаржылық және әлеуметтік проблемаларды шешу мақсатында экономикалық көмек көрсету туралы мәселелер қарастырылған. Осы кезеңнен бастап Америка Египетке қатысты бірқатар экономикалық жобаларды жүзеге асырған. 1951 жылы 5 мамыр күні «Лё Прогрès Эжипсьен» (Le Progrès égyptien) газетінде келтірілген мәліметтер бойынша Египет және АҚШ арасындағы техникалық көмек көрсету туралы келісім-шартқа қол қойылады [5]. Трумэн бағдарламасының 4-бөлімі ретінде белгілі мәтін кіріспеден және 8 баптан тұрады. Мәтінде тараптардың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1949 жылғы 16 қарашадағы Экономикалық және әлеуметтік кеңестің экономикалық дамуға техникалық көмек көрсету туралы

шешімін, сондай-ақ осындай көмекті көрсету қағидаттарын айқындайтын № 304/IV резолюциясын орындауға ниетті екендігі атап көрсетіледі. Аталған келісімнің 1-бабында Америка Құрама Штаттары Египеттің экономикалық ресурстары мен өндірістік әлеуетін дамыту мақсатында техникалық білім мен тәжірибе алмасудың барлық түрлері бойынша Египетпен ынтымақтастық орнатуға міндеттеме алады. 1951 жылдың 6 мамыр күні Египет Сыртқы істер министрі Салах әл-Дин Бей мен Американың Египеттегі елшісі Джефферсон Кеффри арасында Египетке техникалық көмек көрсету туралы 4-тармақтың бағдарламасын қолдану туралы келісімге қол қойылады [5].

1955 жылы «Ля Бурс Эжипсьен» (La bourse égyptienne) газетінде Америка Құрама Штаттарындағы Египет елшісі Мохамед Камил бей Абдул Рахимнің (1897-1966) Дьюк университетінде жасаған баяндамасында: «Таяу Шығыс — әлемдік бейбітшіліктің кілті. Бірақ бұл аймақты басқаруда қателіктер жіберілсе, үшінші дүниежүзілік соғыстың алғышарты туындайды. Бұрын әлемдік геосаяси тепе-теңдіктің орталығы ретінде танылған Орталық Еуропаның рөлі бүгінде біртіндеп Таяу Шығысқа ауысуда. Бұл үдеріс еуропалық державалардың отаршылдық саясатынан толықтай бас тартпағанын көрсетеді және Америка Құрама Штаттары тарапынан еуропалық державалардың отарлық саясатына тоқтау қойылмайынша жалғаса береді» [6], – деп мәлімдеме жасауы сол кезеңдегі Египеттің ресми көзқарасын айқындайды. Яғни египеттік билік Америка Құрама Шттарымен одақтастық жағдайын Ұлыбританияның бақылауынан құтқаратын мәселе ретінде қарастырғандығы айқын.

1956 жылы 2 қаңтар күні АҚШ тарапынан Египеттегі темір жол құрылысына 15 миллион доллар көлемінде экономикалық көмегі туралы келісімге қол қойылады [6]. «Аль-Ахрам» газеті бетінде Египет 1956 жылы 6 қараша күні 40 млн американдық долларды құрайтын АҚШ тарапынан Египетке көрсетілетін экономикалық көмек туралы келісімді ратификациялайды [6]. 17 ақпанда теміржол желісін жақсарту жобасын жүзеге асыру үшін Египетке 7,5 миллион доллар бөлу туралы келісімге қол қойылады. 23 ақпанда Египет көмек көрсету туралы 1954 жылғы 6 қарашадағы бас келісімді эзірлеуде АҚШ-пен 4 келісімге қол қойды. Бұл келісімдер АҚШ-тың 23 3337 мың доллар және Египеттің 32 607 мың доллар көлеміндегі экономикалық көмегін қарастырады. Ол төмендегідей іс-шараларды қамтыған:

1. Кафр Эль-Заятты Каир-Александрия жолымен байланыстыратын ұзындығы 100 км жол құрылысын бастау және материалдар мен машиналар қоймалары орналасатын, техникалық қызметкерлерді оқытатын орталық құрылысын бастау. Египет тарапынан бұл шараға 17 500 мың доллар, ал АҚШ тарапынан — 10 089 мың доллар инвестиция қарастырылған.

2. Абу Хаммостағы су тазарту қондырғысының құрылысы. АҚШ 7 488 000 долларға құбырлар мен қажетті жабдықтарды жеткізеді, ал Египет 1 015 000 египет фунтын инвестициялайды.

3. Александрия портына арналған жабдық құрылысына АҚШ 4320 мың доллар береді. Египет 11500 мың доллар инвестиция салады [6].

Келтіріліп отырған мәліметтерден Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тың Египетке экономикалық көмегі Американың Таяу Шығыстағы саясатының маңызды құралына айналғанын айқындаймыз. Бұл көмекті Вашингтон аймақтағы американдық ықпалды күшейту, коммунистік идеялардың таралуына жол бермеу, Египет сияқты негізгі елдердегі тұрақтылықты қолдау құралы ретінде қарастырды. Америкалық көмектің бір бөлігі жолдар, суару жүйелері, энергетикалық жобалар, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру түріндегі инфрақұрылымды дамытуға жұмсалды. Бұл инвестициялар Египет экономикасын жаңғыртуға және мемлекеттік басқаруды нығайтуға бағытталды. Американың экономикалық көмегі саяси мақсаттарға ие болды. Америка Құрама Штаттары Египеттің «қырғи-қабақ соғыс» барысында Американдық тарапқа бет бұруын және Кеңес Одағының ықпалын шектейтінін күтті. Алайда, 1955 жылдан кейін Египет КСРО-мен қарым — қатынасын нығайта бастағанда бұл экономикалық көмектер жалғасын таппады.

Египеттің Кеңес Одағымен қарым-қатынасының жақсаруындағы маңызды фактор астықпен қамтамасыз ету мәселесі болды. Мысалы, 1951 жылы 17 шілде күні «Лё журнал Эжипт» (Le Journal d'Égypte) газетінде, АҚШ Египет үкіметіне жасаған, КСРО-мен сауда қатынастарын ұстанатын елдерге экономикалық көмек көрсету тоқтатылады деген мәлімдемесіне қарамастан, Египет–КСРО арасында 600000 ег. фунтын құрайтын мақтаны астыққа алмастыру бойынша сауда келісіміне қатысты Египет қамтамасыз ету министрі Ахмед Хамзаның жауабын төмендегіше келтіреді: «Егер Египет астық мәселесінде Кеңес Одағымен сауда келісіміне отырса, бұл бірінші кезекте еліміз үшін астықтың шұғыл қажеттілігі, содан кейін Американың бізге жергілікті тұтынуға қажетті барлық көлемдерді жеткізбеуі. Сондықтан бізге қажетті астықты елден іздеп табуға ешкім кедергі жасамауы

тиіс, тіпті осы мақсатта басқа елдермен жаңа келісім-шарттар жасаса аламыз деп үміттенеміз. Менің ойымша, деп жалғастырады министр, АҚШ басқа елдерге көмегін осы елдерді қамтамасыз етуге қатысты осындай мәмілелерге тәуелді етпеуі керек» [6].

3. Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыс елдерін қамтыған қорғаныс жүйесін құруға деген талпынысы және Египет ұстанымдары

1950 жылдардың басында Батыс державалары өз мүдделерін қорғау үшін аймақтық мемлекеттерді қамтитын «аймақтық одақ жүйесін» құруға әрекет жасады және бұл Жоба Батыс елдері тарапынан Таяу Шығыстың әскери-стратегиялық дамуын қамтыған алғашқы жоба болды. Жалпы, «Орта Шығыс қолбасшылығы» (Middle East Command) қырғи-қабақ соғыс кезінде — 1950 жылдардың басында — АҚШ пен Ұлыбритания тарапынан ұсынылған, бірақ іске асырылмаған әскери-қорғаныстық құрылым. Жобаның алғышарты ретінде 1950 жылы 25 мамырда АҚШ, Ұлыбритания, Франция арасындағы «Үштік декларация» құжатын қарастырамыз. Бұл декларацияда Таяу Шығыс ықпал ету салаларына бөлініп, ол бойынша Египет, Израиль, Сирия, Сауд Арабиясы Америка Құрама Штаттарының мүдделер аймағына, Трансиордания, Ирак және Суэц каналы Ұлыбританияға тиесілілігі, Ливан Франция ықпал ету аймағына енді.

1951 жылдың қазан айында Ұлыбритания соғыстан кейінгі алғашқы қорғаныс жобасын іске асыру мақсатында аймақты Кеңес Одағы тарапынан болуы мүмкін ықтимал экспансиядан қорғауды жоспарлаған Орта Шығыс қолбасшылығы туралы жобаны ұсынады. Бұл египеттіктер Ұлыбританияның Суэц каналы бойынан кетуін талап еткен кезеңде өзекті мәселеге айналды және Жоба осы көпжақты қолбасшылық бойынша ағылшын-египет шартын жаңартуды көздеді. Бұл жоспар Түркия, АҚШ, Ұлыбритания және Францияның қатысуымен 1951 жылы 6 қазанда Египетке ұсынылды. Ресми түрде ұсыныс жасалғанға дейін 1951 жылы 22 қыркүйек айында «Лё Прогрэ Эжипсьен» (Le Progrès égyptien) газетіндегі мәліметтер бойынша, Герберт Стэнли Моррисонның (1888–1965) тапсырмасымен 1950-1955 жылдары Ұлыбританияның Египеттегі елшісі Ральф Стивенсон (1895-1977) және Египет премьер-министрі Мустафа Наххас паша (1879-1965) арасындағы болған кездесу туралы мәліметтер келтіріледі. Газет мәліметі бойынша, Моррисон «Орта Шығыс қолбасшылығы» туралы және Египеттің осы Жобаға қатысуы бойынша ұсыныс жолдаған. Дерекке сәйкес, Орта Шығыс қолбасшылығы әлемнің маңызды коммуникациялар мен мұнай аймақтарын қорғау үшін маңызды жоба ретінде қарастырылады және қолбасшылық НАТО-мен байланысты болмайтындығы айқындалып, Ұлыбритания, АҚШ және Түркия сияқты елдердің қатысуы екі ұйым арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, деп мәлімденеді [5].

1951 жылы 4 қазанда «Лё Прогрэ Эжипсьен» газетінде шыққан мақалаға сәйкес, Герберт Стэнли Моррисонның Мустафа Наххас пашаға жолдауында қорғаныс жүйесіне қатысты: Египеттің бұл Одаққа қосылу қажеттілігі, Орта Шығыс қорғаныс одағының құрамына кіретін мемлекеттермен бірлескен қорғаныс жүйесін қабылдау, соғыс қаупі төнген жағдайда Ұлыбританияның Суэц каналын қорғау құқығын және Египет аумағын шетелдік басқыншылыққа ұшыраған жағдайда Ұлыбритания тарапынан қорғау құқығын мойындау түріндегі негізгі мәселелер қамтылған [7].

1951 жылы «Әл-Мисри» газетінде «Орта Шығыстың қорғанысы бойынша жаңа жоба» атты жарияланған мақалада Түркия мен Батыс державалары арасында Таяу Шығыстың жаңа қорғаныс жобасы талқыланып жатқандығы туралы сөз қозғалып, оның болашақ мазмұны төмендегіше түрде көрсетіледі:

1. Араб мемлекеттері, Түркия, Иран тарапынан Таяу Шығыста Батыс мемлекеттері қатыспайтын жаңа әскери блок құрудың жоспарлануы.

2. Израиль Америка Құрама Штаттарымен жеке әскери келісім жасасады, ол бойынша кез келген шабуылға қарсы өз шекараларының қауіпсіздігіне кепілдік береді.

3. АҚШ тарапынан араб елдері мен Израильді қару-жарақпен, танктермен, заманауи артиллериямен, зениттік зеңбіректермен және броньды машиналармен қамтамасыз ету көзделген.

4. Егер Ресей Иранға немесе Түркияға немесе екеуіне де шабуыл жасаса, араб мемлекеттері мен Израиль Ресейге соғыс жариялайды және Таяу Шығысты қорғаудың тиімді құралдарын әзірлеу үшін Батыс державаларының жоғары қолбасшылығымен байланысады [7]. Алайда, египеттіктер мен басқа араб мемлекеттері қолбасшылықты Батыс гегемониясына бағынудың тағы бір нұсқасы ретінде қарастырып, оған қосылудан бас тартты. 1952 жылы 8 мамыр күні «әл-Мисри» газетінде жарияланған мақалада аталмыш жобаның қолдауға ие болмауының себебі ретінде Ұлыбритания және Египет арасындағы саяси қайшылықтар, Палестина мәселесі, Иран мәселесі, Тунистегі жағдай түріндегі мәселелер көрсетілді [7].

1951 жылы Суэц каналын бақылауға алу мақсатында Египетке Орта Шығыс қолбасшылығы одағына мүше ретінде өту туралы ұсыныс жасалынады. Жасалған ұсыныс мәтінде: «Египет өз аумағындағы стратегиялық және қорғаныс шептерін құрылайын деп отырған Орта Шығыс қолбасшылығы ұйымының пайдалануына ұсынады» деп көрсетілген. [7]. Египет аумағындағы стратегиялық шеп, әрине, Суэц каналы болып табылатындығы айқын еді.

Аймақтық қорғанысты жоспарлаудың екінші әрекеті 1952 жылы маусымда АҚШ пен Ұлыбританияның бастамасымен орын алды және бұл жолы олар оның атауын Орта Шығыс қорғаныс ұйымы деп өзгертті [8; 252]. Осыған қатысты 1952 жылы 11 маусымда «әл-Мисри» газетінде «Орта Шығыс қорғаныс жүйесінің үш жобасы» атты мақала жарияланып, онда Афины, Анкара, Стамбул қалаларында Орта Шығыс қорғаныс жүйесіне қатысты үш жобаның талқыланып жатқандығы хабарланады және төмендегі тармақтарды қамтитындығы жазылды:

1. Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы елдер Солтүстік Атлантикалық альянсты толықтыратын одақ құрады. Бұл одаққа Египет, Сирия, Ливан, Түркия және Грекия кіреді. Одақ ешбір араб мемлекетінің абыройына нұқсан келтірмейді және олардың ішкі істеріне араласудың құралына айналмайды. Израиль босқындар мен шекара мәселесі шешілмейінше одақтан тыс қалады.

2. Ұжымдық қауіпсіздік пактісімен байланысты Араб лигасына мүше мемлекеттер мен Түркия мен Грекия арасында әскери келісімдер жасалады, содан кейін олар Таяу Шығысты бірлесіп қорғауды ұйымдастыра бастайды [7].

Алайда жоба араб мемлекеттерінің қолдауына ие болмады, бұл әрекет те сәтсіз аяқталды. Араб әлемінің бұл жобаға қолдау танытпауының себебін 1953 жылы 9 мамыр күні «әл-Мисри» газетінің бетіндегі жариялаған деректерден айқындаймыз. Ол бойынша АҚШ Мемлекеттік хатшысының Таяу Шығыс істері бойынша көмекшісі Генри Байроуд араб елдерінің дипломатиялық өкілдерімен кездесу барысында, олардың тарапынан Байроудқа Орта Шығыста бейбітшілік орнату бойынша және АҚШ-Араб елдері арасында қарым қатынасты жақсарту мақсатында Израильдің мемлекет ретінде жойылуы және оның орнына біртұтас Палестина мемлекетінің құрылуы, сонымен қатар Араб одағын құру ісінде АҚШ тарапынан әскери және қаржылық көмек көрсетілуі түріндегі ұсыныстар жасалған [7].

Жалпы Египет АҚШ тарапынан ұсынылған әскери-қорғаныс жүйесін құру туралы ұсыныстарының ең басты қарсыласы болып табылады және араб елдерін, Түркияны қамтитын, Батыс елдері тарапынан бақылану көзделген Жобаның жүзеге асырылмауының басты себебі ретінде де Египеттің осы ұстанымын айқындаймыз.

Талқылау

Таяу Шығыс дәстүрлі түрде Батыс әлемінің стратегиялық мүдделері тоғысқан, өмірлік маңызы бар ықпал ету аймағы ретінде қарастырылады. Эдвард Саид аймақтағы еуропалық империялық үстемдіктің орнауын ориентализм теориясы тұрғысынан дәйектей отырып, ориентализмді «дискурс тәсілі» ретінде анықтаумен қатар, «Шығыс» пен «Батыс» арасындағы онтологиялық және гносеологиялық айырмашылыққа негізделген ойлау стилі» ретінде сипаттайды [9; 2]. Локман пікірінше, ориентализм дискурсы еуропалық отарлық жүйемен тығыз байланысты құбылыс және Франция мен Ұлыбритания екінші дүниежүзілік соғысқа дейін бұл ұғымды Таяу Шығыстағы өз үстемдіктерін ақтаудың құралы ретінде пайдаланып келді [10; 88]. Ориенталистік ой арнасында ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін саяси шешімдер еуропалық елдер тарапынан аймаққа қатысты ұсынылып келді және аймақты өз ыңғайларына қарай қайта құрудың алғышарттары болды [11; 23].

Зерттеушілер көзқарасында Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Америка Құрама Штаттарының Египеттегі саясаты қайшылықты түрде болғанын Кеңес Одағымен байланыста қарастыру үрдісі басым. Мысалы, Уильям Куандттың «Америка Құрама Штаттары және Египет: саясат очеркі» [12] атты еңбегінде автор АҚШ Египетті Батыс әлемінің жағына тартып, кеңестік ықпалдың Таяу Шығысқа таралуына кедергі ретінде пайдаланғысы келгенін, дегенмен Насерге орасан зор экономикалық қолдау көрсетпеу себебінен Египет КСРО ықпалына тартылды деген көзқарасты ұсынады. Ал, американдық саясаткер Генри Киссинджердің танымал «Дипломатия» еңбегінде [13] «Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясаты «санитарлық шеп»^{*} құруға және Кеңес Одағының саясатын тежеуге бағытталды» деп

^{*}Санитарлық шеп (фр.*cordon sanitaire*) - геосаяси термин, бұл ұғым Ресейлік империя ыдырағаннан кейін Кеңестік Ресейдің еуропалық шекарасында орналасқан елдерді қамтиды және олардың рөлі коммунистік идеялардың Батысқа таралуына қарсы тұруға бағытталған

жазылады. Бұл көзқарастардың шынайылығын сол кезеңде жүргізілген нақты саяси қадамдар айқындайды.

Жалпы зерттеулерде XX ғасырдың 50-жылдарындағы Америка және Египет қатынастарының қайшылықты болғанының негізгі себебі ретінде Американың елге жеткілікті түрде экономикалық көмек көрсетпеуі айқындалады. Осы тұрғыдағы көзқарастар Джон Альтерманнның «1950 жылдардағы Египетке көрсетілген американдық көмек: үміттен қарсылыққа дейін» [14] атты мақаласында көрініс тапқан. Онда 1950 жылдардың ортасында Египет елінің сыртқы істер министрлігінің көзқарасы негізінде АҚШ-Египет қатынастарының қайшылықтары туралы жазылған. Мақалада египеттіктердің АҚШ тарапынан ауқымды экономикалық көмек алу әрекеттері бойынша жағдайлар сипатталып, екі ел арасындағы қайшылықтардың негізгі себептері айқындалады. Сонымен қатар «Альянс және тепе теңдік: американдық қатынастар және египеттік ұлтшылдық 1950-1957 жж.» [15] атты зерттеу де екі ел арасындағы қатынастардың ерекшеліктеріндегі экономикалық факторды айқындайды. Дегенмен архивтік материалдарға негізделген жоғарыда келтірілген тарихи деректер Америка Құрама Штаттары тарапынан Египетке белгілі бір көлемде инвестициялық салымдар жасалғанын және экономикалық көмек көрсетілгенін айғақтайды. Стивен А. Куктың «Египет үшін күрес: Насерден Тахрир алаңына дейін» [16] еңбегінде АҚШ-тың Египетке экономикалық құралдар арқылы ықпал етуге тырысқанын көрсетеді және экономикалық көмек ауылшаруашылық өнімдерін қамтамасыз ету, инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялық салымдар түрінде жүргізілгенін айқындайды. Стивен Кук АҚШ және Египет арасындағы мақалада көрсетілген мерзімдегі қатынастарындағы қайшылықтардың басты себебі ретінде дәстүрлі түрде АҚШ тарапынан Асуан су бөгетін салуға қаржылық қолдаудың көрсетілмеуін айқындайды.

XX ғасырдың 50-жылдарындағы АҚШ-Египет қатынастарындағы іргелі мәселе — аймақта әскери ынтымақтастықты дамытып, қорғаныс ұйымдарын құруға деген ұмтылыс болды. Ұйымды құруға қатысты талпыныстың стратегиялық мақсаттарын айқындауда зерттеуші Р.Р. Мустаев пікіріне сүйенетін болсақ, «Орта Шығыс қолбасшылығы жобасының басты мақсаты — араб елдері және Түркияның Израиль мемлекетімен және Батыс державаларымен бірлестіктегі, Таяу және Орта Шығыста ұжымдық қорғаныс үшін құрылған әскери одақ құру қажеттілігі болды» [17; 110]. Сонымен қатар негізгі мақсаттарының қатарына Таяу Шығыстан тасымалданатын мұнай қорларының қауіпсіздігін толықтай қамтамасыз ету және Израиль мемлекетін араб елдерінің қорғаныс жүйесіндегі басты акторға айналдыруды да кіргіземіз. Сонымен қатар араб елдерінен құралған, кеңестік жүйеге қарсы бағытталған әскери блок құру қажеттілігі айқындалды [18; 98]. Американдық саясат Таяу Шығыста НАТО ұйымының «шығыстық үлгісі» ретінде Орта Шығыс қолбасшылығы ұйымын құру да сәтсіз аяқталды. Зерттеушілер 1950-жылдардың басында АҚШ Таяу Шығыста кеңестік ықпалдың таралуынан қауіптенді деп көрсеткенімен, Вашингтон үшін басты мәселе — Египетті өз жағына шығару еді. Бұл үшін АҚШ Каирге экономикалық көмек ұсынып, аймақтағы одақтық жүйелерге тартуға тырысты. Алайда, Египеттің бейтараптықты ұстануы және ұлттық егемендікті қорғауға бағытталған ұстанымы АҚШ пен Египет арасындағы қатынасты күрделендірді. Алайда аталған мәселе қазіргі кезеңде жаңа теориялық-талдамалық қырынан қарастыруды қажет етеді. Мақала авторларының пікірінше, Батыс әлемінің, соның ішінде Америка Құрама Штаттары мен Еуропа мемлекеттерінің Таяу Шығыс аймағында біртұтас әскери-саяси одақ құруға бағытталған әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауы олардың аймақтағы геосаяси және стратегиялық мүдделерінің өзара келіспеушілігімен тікелей байланысты болды. Бұл бастама аясында Израильді болашақ одақтың орталық буыны ретінде қарастырып, оны араб мемлекеттерімен бір құрылымға біріктіру әрекеті сәтсіз аяқталды. Мұндай жағдай Таяу Шығыс мұсылман елдерінің дербес әскери-саяси бірлестікке ұмтылысын күшейтіп, бұл өз кезегінде Батыс державалары үшін ұзақ мерзімді перспективада қауіп төндіруі мүмкін деген ұстанымды туындатты.

Екі ел арасындағы қарым-қатынастардың тағы бір маңызды астары ретінде идеологиялық мәселелер алға тартылады. Мысалы, Рэймонд Хинебуш «Таяу Шығыстағы халықаралық саясат» еңбегінде [19] панарабизм идеологиясының Батыс саясатына қалай қайшы келгеніне және Египеттің Америкаға қатысты саясатына үлкен ықпалын тигізгеніне талдау жасайды. Р. Хинебуш өз еңбегінде: «Құрылымдық талдауға сәйкес, кезінде тәуелсіз өркениеттер ошағы болып табылған Таяу Шығыс империалистік саясат негізінде Батыс үстемдігі танылған әлемдік саясаттың перифериясына айналды. Израиль мемлекеті факторы және мұнайдың орасан зор қорының болуы Таяу Шығыс аймағын сыртқы ықпалдың орталығына айналдырды. Дегенмен, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайда қалыптасқан биполярлық жүйені пайдалана отырып, Таяу Шығыс елдері өзіндік

ұлтшылдық идеологияға бет бұрды» [19; 3], деп жазады. Ал Дуглас Литтлдың «Американдық ориентализм: 1945 жылдан бастап Америка Құрама Штаттары және Таяу Шығыс» [20] еңбегінде американдық сыртқы саясатқа сыни талдау жасалынып, Египетке және панарабизм идеологияларына қатысты көзқарасы сипатталады. Автордың пікірінше, 1945 жылдан бері АҚШ-тың Таяу Шығыстағы сыртқы саясаты тек геосаяси және экономикалық мүдделермен ғана емес, еуропалық отаршылдық дәстүрден мұраға қалған мәдени стереотиптердің, теріс пікірлердің және ориенталистік ойдың ықпалымен қалыптасты. Дуглас Литтл Американың аймақтағы саясаты Таяу Шығыстың тарихи және геосаяси шынайылығын түсінуге емес, еуропалық ориентализмнен (Эдуард Саид бойынша) мұра болып қалған «қауіпті», «қисынсыз», «артта қалған» Шығыс деген түсінікке негізделгенін айтады және автор пікірінше, бұл стереотиптер араб ұлтшылдарының, исламдық қозғалыстардың алғышарты [20; 98].

Ресейлік зерттеушілердің ішінен тақырыпқа қатысты В.П. Румянцевтің «Д. Эйзенхауэрдің үкіметінің Суэц дағдарысына қатысты саясаты 1956-1957 жж.» [20] диссертациялық зерттеуінде: «Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін АҚШ-тың сыртқы саясатында негізгі басымдық ретінде Еуропа мен Қиыр Шығысқа басымдылық танытылып, Таяу Шығысқа қатысты басында салғырт саясат жүргізілгенімен, отарлық жүйенің ыдырауы және Ұлыбританияның Таяу Шығыстан шығуына байланысты Американың таяушығыстық бағыты нығайа түсті және мұндағы басты рөл араб әлеміндегі жетекші мемлекет Египетке негізделді», – деп жазады. Автордың пайымдауынша, 1950 жылдардың ортасына қарай АҚШ-тың аймақтағы ұстанымдарын нығайту жолындағы басты кедергілердің бірі Египет президенті Г.А. Насердің АҚШ және Кеңес Одағы арасындағы жаһандық текетіреті пайдаланып, өзінің ұлттық мүддесін осы арнада шешуге ұмтылуы болды [21; 62].

Қорытынды

Мақалада баяндалған оқиғалар желісі айқындап отырғандай, XX ғасырдың 50-жылдары Египет Америка Құрама Штаттарының таяушығыстық стратегиясында маңызды рөл атқарды. Бұл қарама-қайшылыққа толы сипатта болды, бір жағынан Египет Америка тарапынан көрсетілген экономикалық көмекке мұқтаждығын және инвестицияларды тарту мақсатында одақтық қатынастарға ұмтылуын көрсетсе, екінші жағынан Таяу Шығыс аймағындағы американдық қорғаныс жүйесін құруға бағытталған бастаманың қарсыласы ретінде әрекет етті. Американың Египетке қатысты саясаты да екіұшты сипатқа ие болды, мысалы АҚШ Египеттің британдық отарлық басқару жүйесінен азат етілуіне қолдау танытқанымен, Ұлыбританиямен тығыз стратегиялық қатынас АҚШ саясатының XX ғасырдың екінші жартысындағы басты бағытын құрады. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында президент Рузвельттің король Фарукпен кездесуінен бастап, американдық дипломаттар Египет басшыларын Америка Құрама Штаттары Египеттің тәуелсіздікке ұмтылған саясатына қолдау танытатындығы туралы мәлімдемелерінің астарынан Египет Ұлыбританияға қарсы саясатта қолдау танытуын күтті. Алайда Американың Египетті Таяу Шығыстағы коммунистік экспансиядан қорғану жолында қолдану мақсаты Каир тарапынан түсініспеушілік тудырды.

Египет үшін АҚШ тарапынан көрсетілетін әскери-техникалық және қаржылық көмек маңызды болды. Ал АҚШ Египетпен әскери одақ құру арқылы Египет-Израиль қатынастарын жақсартуға ұмтылды. Дегенмен, Америка Құрама Штаттарынан әскери және экономикалық көмекті қабылдай отырып, Египет Батыс әлемімен әскери одақтасудан бас тартты. Насердің мүддесі Батыс пен Шығыс арасында (яғни АҚШ пен КСРО арасында) «бейтараптық» саясатын ұстанып, өз тәуелсіздігін сақтау және әрқайсысынан мүмкіндігінше көбірек көмек алу болды.

Еңбектерге талдау жасау негізінде тақырыпқа қатысты негізгі ойлардың басты өзегін айқындасак, 1950 жылдары АҚШ Египетпен әріптестік орнатуға тырысқанын, оны қырғи-қабақ соғыс кезінде Батыстың ықпалында ұстауға тырысқанын, бірақ араб ұлтшылдығы идеологиясын дұрыс бағаламау, Египеттің егемендікке ұмтылуы Каир және Вашингтон арасындағы қатынастарға кедергі болғанын және Египеттің КСРО елімен одақтастыққа негіз болғанын айқындаймыз. Дегенмен, Америка Құрама Штаттары XX ғасырдың 50-жылдары жіберген геосаяси олқылықтарын XX ғасырдың 80-жылдарында қайта қарастырып, А. Саадат кезеңіндегі Египет Американың негізгі одақтасына айналуына барлық сыртқы саяси бағытын арнағанын да ескерген маңызды. XX ғасырдың 50-ші жылдарында Египетке қатысты американдық саясат сәтті болмағанымен, ұзақ мерзімдегі стратегияларға орай Египетке Анвар Саадат келгеннен кейін жүргізген «Инфитах» (ашық есік) саясатының шеңберінде Египет АҚШ мемлекетінің сенімді одақтасына айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Office of the Historian. Foreign Relations of the United States, 1950, The Near East, South Asia, and Africa [Electronic resource] / Office of the Historian, Foreign Service Institute, United States Department of State. — Access mode: <https://history.state.gov/historicaldocuments/frus1950v05/comp1>
- 2 Россия XX век. Документы. Ближневосточный конфликт 1947–1956. Из документов внешней политики Российской Федерации. — М.: Материк, 2003. — 608 с.
- 3 Турекулова Ж. XIX ғ. соңы мен — XX ғ. бірінші жартысындағы «мұсылман бауырлар» қозғалысы құрылуының тарихи алғышарттары және негізгі идеялары / Ж. Турекулова, Г. Алибекова // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. — 2024. — № 1 (80). — С. 62–71.
- 4 Архив внешней политики Российской Федерации. — Ф. 87/087. — Оп. 16. — Пор. 3. — Д. 720. — Л. 1–64.
- 5 Архив внешней политики Российской Федерации. — Ф. 87/087. — Оп. 12. — Пор. 15. — Д. 729. — Л. 1–240.
- 6 Архив внешней политики Российской Федерации. — Ф. 87/087. — Оп. 16. — Пор. 5. — Д. 725. — Л. 1–14.
- 7 Архив внешней политики Российской Федерации. — Ф. 87/087. — Оп. 13. — Пор. 16. — Д. 725. — Л. 1–247.
- 8 Bilgin M.S. Turkey's Foreign Policy towards the Middle East in the 1950's and Its Impact On Turco-Arab Relations / M.S. Bilgin // Gazi Akademik Bakış. — 2017. — Т. 11 (21). — С. 245–259.
- 9 Саид Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока / Э.В. Саид; пер. с англ. А.В. Говорунова. — СПб.: Русский мир, 2006. — 636 с.
- 10 Lockman Z. Orientalism and empire in Contending Visions of the Middle East / Z. Lockman // The History and Politics of Orientalism. — Cambridge: Cambridge University Press, 2004. — 316 p.
- 11 Burney S. Orientalism: The Making of the Other / S. Burney // Counterpoints. — 2012. — № 417. — С. 23–39.
- 12 Quandt W.B. The United States and Egypt: An Essay on Policy for the 1990s / W.B. Quandt. — Washington: Brookings Institution Press, 1990. — 82 p.
- 13 Kissinger H. Diplomacy / H. Kissinger. — New York: Simon & Schuster, 1994. — 912 p.
- 14 Alterman J.B. American Aid to Egypt in the 1950s: From Hope to Hostility / J.B. Alterman // Middle East Journal. — 1998. — Т. 52 (1). — С. 51–69.
- 15 Lucas S. Alliance and balance: The Anglo- American relationship and Egyptian nationalism, 1950–57 / S. Lucas, R. Takeyh // Diplomacy & Statecraft. — 1996. — Т. 7 (3). — С. 631–651.
- 16 Cook S.A. The Struggle for Egypt: From Nasser to Tahrir Square / S.A. Cook. — Oxford: Oxford University Press, 2011. — 424 p.
- 17 Мустаев Р.Р. Израиль во внешней политике США (1949–1952): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.15 – История международных отношений и внешней политики / Р.Р. Мустаев. — Санкт-Петербург, 2016. — 211 с.
- 18 Крыжко Л.А. Роль Египта в реализации блоковых проектов США на Ближнем Востоке в первой половине 1950-х гг. / Л.А. Крыжко, Е.В. Крыжко, П.И. Пашковский // Вестник Томского государственного университета. Серия «История». — 2024. — № 88. — С. 98–105.
- 19 Hinnebusch R. The International Politics of the Middle East / R. Hinnebusch. — Manchester: Manchester University Press, 2003. — 240 p.
- 20 Little D. American Orientalism: The United States and the Middle East since 1945 / D. Little. — Chapel Hill: University of North Carolina Press, 2008. — 464 p.
- 21 Румянцев В.П. Политика американского правительства Д. Эйзенхауэра в связи с Суэцким кризисом, 1956–1957 гг.: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.03 – Всеобщая история / В.П. Румянцев. — Томск, 2000. — 241 с.

К. Байтурсева, Ж. Турекулова, В. Султанова

История взаимоотношений США и Египта в 50-е годы XX века

В данной статье осуществляется комплексный анализ истории политики Соединённых Штатов Америки в отношении Египта. Особое внимание уделяется характеру двусторонних отношений в контексте геополитической трансформации Ближневосточного региона в послевоенный период. В рамках обозначенной исторической перспективы американская стратегия в регионе определяется стремлением к установлению контроля над энергетическими ресурсами, в то время как роль Египта интерпретируется сквозь призму его геоэкономического и геостратегического положения, обусловленного значением Суэцкого канала. Благодаря своему выгодному географическому расположению, а также возросшей политической активности в арабском мире в послевоенные годы, Египет стал восприниматься в Вашингтоне как ключевой стратегический партнёр в системе региональной безопасности Ближнего Востока. В этом контексте США и их основные западные союзники предприняли попытки интеграции Египта в структуры коллективной безопасности, в частности в проект «Ближневосточного командования», носивший ярко выраженный антикоммунистический характер. В статье рассматриваются как институциональные и политико-

стратегические параметры реализации указанной инициативы, так и реакция египетского руководства на данные процессы. Анализируется содержание геополитического соперничества между Соединёнными Штатами и Советским Союзом за влияние в регионе Ближнего Востока, возникающего в результате формирования ялтинско-потсдамской системы послевоенного мира. Исследуются конкретные шаги, предпринятые американской стороной с целью укрепления собственных военно-стратегических позиций в регионе. Исследование опирается на материалы из архивных фондов Министерства иностранных дел Российской Федерации, содержащие официальные документы, касающиеся египетского направления внешней политики США.

Ключевые слова: Всемирная история, США, Ближний Восток, Египет, Суэцкий канал, Ближневосточное командование, геополитика, историческое развитие, идеология, история внешней политики, военная стратегия.

K. Bayturyeva, Zh. Turekulova, V. Sultanova

History of Relations between the USA and Egypt in the 50s of the XX Century

This article provides a comprehensive analysis of the history of United States policy toward Egypt. Particular attention is given to the nature of bilateral relations within the broader context of the geopolitical transformation of the Middle East in the postwar period. Within this historical framework, American strategy in the region is defined by its pursuit of control over energy resources, while Egypt's role is interpreted through the lens of its geoeconomic and geostrategic position, largely shaped by the significance of the Suez Canal. Due to its advantageous geographical location and its increasing political activism in the Arab world during the postwar years, Egypt came to be viewed in Washington as a key strategic partner in the Middle Eastern regional security system. In this context, the United States and its principal Western allies undertook efforts to integrate Egypt into the structures of collective security — particularly through the “Middle East Command” project, which had a pronounced anti-communist orientation. The article examines both the institutional and politico-strategic dimensions of this initiative, as well as the response of the Egyptian leadership to these developments. It analyzes the nature of the geopolitical rivalry between the United States and the Soviet Union for influence in the Middle East, which emerged as a result of the Yalta-Potsdam postwar international system. Specific actions taken by the U.S. to strengthen its military-strategic position in the region are explored in detail. The study draws upon archival materials from the Ministry of Foreign Affairs of the Russian Federation, including official documents related to the Egyptian dimension of U.S. foreign policy.

Keywords: World History, USA, Middle East, Egypt, Suez Canal, Middle East Command, geopolitics, historical development, ideology, history of foreign policy, military strategy.

References

- 1 (1950). Office of the Historian Foreign Service Institute United States Department of State Foreign. Relations of the United States. The Near East, South Asia, and Africa. *history.state.gov*. Retrieved from <https://history.state.gov/historicaldocuments/frus1950v05/comp1>
- 2 (2003). *Rossia XX vek. Dokumenty. Blizhnevostochnyi konflikt 1947–1956. Iz dokumentov vneshnei politiki Rossiiskoi Federatsii*. [Russia XX century. Documents. Middle East conflict 1947-1956. From the documents of the foreign policy of the Russian Federation]. Moscow: Materik [in Russian].
- 3 Turekulova, Zh., & Alibekova, G (2024). XIX g. sony men — XX g. birinshi zhartysyndagy «musylman bauyrlar» qozgalysy qurylyunyn tarikhi algysharttary zhane negizgi ideialary [Historical background of the emergence of the Muslim Brotherhood movement and basic ideas (XIX — the middle of the XX century)]. *Abai atyndagy Qazaq Ul'tyq pedagogikalyq universitetinin khabarshy. «Tarikh zhane saiasi–aleumettik gylymdar» seriiasy — Abai Kazakh National Pedagogical University Bulletin. Series of Historical and social-political sciences*, 1 (80), 62–71 [in Kazakh].
- 4 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. — F. 87/087. — Op. 16. — P. 3. — D. 720. — L. 1–64 [in Russian].
- 5 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. — F. 87/087. — Op. 12. — P. 15. — D. 729. — L. 1–240 [in Russian].
- 6 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. — F. 87/087. — Op. 16. — P. 5. — D. 725. — L. 1–14 [in Russian].
- 7 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. — F. 87/087. — Op. 13. — P. 16. — D. 725. — L. 1–247 [in Russian].
- 8 Bilgin, M.S. (2017). Turkey's Foreign Policy towards the Middle East in the 1950's and Its Impact On Turco-Arab Relations. *Gazi Akademik Bakis — Gazi Academic View*, 11 (21), 245–259.

- 9 Said, E.V. (2006). *Orientalizm. Zapadnye kontseptsii Vostoka* [Orientalism. Western concepts of the East]. (A.V. Govorunova, Trans.). Saint-Petersburg: Russkiimir [in Russian].
- 10 Lockman, Z. (2004). Orientalism and empire in Contending Visions of the Middle East. *The History and Politics of Orientalism*. Cambridge University Press.
- 11 Burney, S. (2012). *Orientalism: The Making of the Other. Counterpoints*, 417, 23–39.
- 12 Quandt, W.B. (1990). *The United States and Egypt: An Essay on Policy for the 1990s*. Washington: Brookings Institution Press.
- 13 Kissinger, H (1994) *Diplomacy*. New-York: Simon & Schuster.
- 14 Alterman, J. B. (1998). American Aid to Egypt in the 1950s: From Hope to Hostility. *Middle East Journal*, 52 (1), 51-69.
- 15 Lucas, S., & Takeyh, R. (1996). Alliance and balance: The Anglo-American relationship and Egyptian nationalism, 1950–57. *Diplomacy & Statecraft*, 7(3), 631–651.
- 16 Cook, S.A. (2011). *The Struggle for Egypt: From Nasser to Tahrir Square 1st Edition*. Oxford University Press.
- 17 Mustaev, R.R. (2016). Izrail vo vneshnei politike SShA (1949-1952) [Israel in US Foreign Policy (1949-1952)]: *Candidate's thesis*. Sankt-Peterburg[in Russian].
- 18 Kryzhko, L.A., Kryzhko, E.V., & Pashkovskii, P.I. (2024). Rol Egipta v realizatsii blokovykh proektov SShA na Blizhnem Vostoke v pervoi polovine 1950-kh gg. [The Role of Egypt in the Implementation of Block Projects the United States in the Middle East in the First Half of the 1950s]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoriia» — Tomsk State University Journal of History*, 88, 98–105 [in Russian].
- 19 Hinnebusch, R. (2003). *The international politics of the Middle East*. Manchester: Manchester University Press.
- 20 Douglas, Little (2008). *American Orientalism: The United States and the Middle East since 1945*. University of North Carolina Press.
- 21 Rumiantsev, V.P. (2000). Politika amerikanskogo pravitelstva D. Eizenkhauera v sviazi s Suetskim krizisom, 1956-1957 gg. [The policy of the American government of D. Eisenhower in connection with the Suez crisis, 1956-1957]. *Candidate's thesis*. Tomsk [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Байгуреева Клара — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5132-2585>,

Жұлдыз Турекулова — PhD докторант, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Валида Султанова — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-2829-443X>

Information about the authors

Baytureyeva Klara — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5132-2585>,

Zhuldyz Turekulova — PhD student, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Sultanova Valida — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Miras University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-2829-443X>